

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ӨМІРІНІҢ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫН  
ЖАЗҒАН АҚЫНДАРДЫҢ ІШІНДЕ ДАРА ДА  
БІРЕГЕЙ ТҰЛҒА – ІЛІЯС ЕСЕНБЕРЛИН**

**Оразалиева Айдана Нурлан қызы**

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **Жандос Абдазимович Байзақов**

**Аннотация:** Адам жүрегін ауыртатын жағдай жарық дүниеден көз жұмып кетеді. Ағалы-інілі Ілияс пен Раунақ ата-анасынан ерте айырылып жетім қалады. Қазадан соң Раунақты туыстары алып кетеді. Ал Ілияс жалғыз қалады. Күн көріс үшін көше кезіп, көрінген дүниені талғажау етіп, тағдыр салған жетімдіктің ауыр тауқыметін Ілияс жападан жалғыз бастан кешіреді.

**Кілтті сөздер:** Жетім, ауру, аштық, қабырға газеттері, жетімдер үйі, ақын, проза жанры, әскери-саяси училище, партия.

**ILYAS YESSENBERLIN IS UNIQUE AMONG THE POETS WHO WROTE  
THE ENCYCLOPEDIA OF KAZAKH PEOPLE’S LIFE**

**Abstract:** The most painful condition of a person’s heart is that he will die in the bright world. The brothers Ilyas and Raunak will be orphaned early. After the death, Raunak will be taken by relatives. Ilyas will be left alone. Ilyas is the only one who lives in the streets to see the sun, to see what is visible, and to suffer the hardships of the fate of the almighty.

**Key words:** Orphanage, disease, hunger, wall newspapers, orphanage, poet, prose genre, military-political school, party.

Ілияс Есенберлин мен тығыз байланысты болған жазушы Қабдеш Жұмаділов: «Мені алғаш қызықтырғаны Ілияс Есенберлиннің өзі емес, ешкімге ұқсамайтын немістің бір емес, Эссен және Берлин деген екі үлкен қаласының атын біріктіріп тұрған фамилиясы»,– деген екен.

**(Қабдеш Жұмаділов)**

**Кіріспе:** Ілияс Есенберлин көрнекті жазушы, екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» орден, медальдарымен марапатталған жазушы. Қазақ әдебиеті тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған және жетімдіктің азабын ерте тартқан, өмір тауқыметін көп көрген жандардың бірі. Ілияс қарапайым еңбекқор, ағаш ұстаның жанұясынан шыққан тұлға. Оның балалық шағы аштық жалмаған зұлмат заманға тұра келеді және ол 5 жасында тұл жетім болып қалады. Інісі Раунақ екеуі ата-анасынан ерте айырылған және өз күшімен білім алып, жоғары дәрежелерге жетіп, қазақ халқының зейінін ашу үшін өз септігін тигізіп келгенін еш мүдірмей айта аламыз. Халық жауының қызына үйленгені себепті енесін Алжирден алдырғаны үшін Ілиясты он жылға бас бостандығынан айырады. Ең айта кететін жәйттердің бірі Ілияс Есенберлинге дейін қазақ әдебиетінде елдің тарихы туралы кітап болмаған. Кеңес өкіметі тұсында ұлттың рухани байлығын көтеріп, дамытатын тарихи роман жазған алғашқы жазушы.

**Негізгі бөлім:** Ілияс Есенберлин 1915 жылы 10-қаңтар күні Қазақстан республикасының Солтүстігінде орналасқан Ақмола облысы Атбасар қаласында дүниеге келген. Ілияс қарапайым отбасынан шыққан. Әкесі - ағаш ұстасы, ою өрнектің түр-түрін сала алатын сол арқылы нәпақасын тапқан жанның бірі. Анасы - үй бекесі болып екі баланың тәрбиесімен, үй жұмыстарымен айналысқан. Ілиястың жалғыз бауыры – Раунақ болған. Раунақ Ілиястан үш жас кіші болады. Екі бауыр жастайынан ата-анаға сүйеу, еңбекқор болып өседі. Інісі ағасының сөзін екі етпей, Ілиясты өмірінің тірегі деп оған өле-өлгенше құрмет

көрсетіп өтеді. Бала Ілияс жастайынан аңыз бен жыр дастанға жақын болып өскендіктен Кеңесары мен Едігені, Бұқар жырау мен Қобыландыны түсінде көрсе де өңіндегідей жатқа айтатын болған.

Жиырманшы жылдардың басы қазақ сахарасында қысылтаяң кезең басталады. Жаппай ұжымдастыру жүргізіледі. Орталықтан Қазақстанға Голощекин келген кезде ұлан-ғайыр даланы аштық жалмайды. Түрлі ауру, сырқат бүткіл қазақ даласын жалмап алады. Ол кезеңде Ілияс сегіз, ал інісі Раунақ бес жаста болады. Қазақ даласына келген бұл бір қиын қыстау кезең қарапайым, бақытты жанұяның ыстық ошағын сөндіріп десек болады. Бұл қорқынышты Қарашешек дерті Ілиястың ана-анасында жалмап өтеді. Алдымен әкесі, одан соң анасы о дүниеге аттанып кетеді. Қарашешек – жоғары жұқпалы инфекциялық аурудың бір түрі. Ол аурумен ауырған жандарда денелерінде түрлі тыртықтар қалады немесе көру қабілетінен толайым айырылады. Адам жүрегін ауыртатын жағдай жарық дүниеден көз жұмып кетеді. Ағалы-інілі Ілияс пен Раунақ ата-анасынан ерте айырылып жетім қалады. Қазадан соң Раунақты туыстары алып кетеді. Ал Ілияс жалғыз қалады. Күн көріс үшін көше кезіп, көрінген дүниені талғажау етіп, тағдыр салған жетімдіктің ауыр тауқыметін Ілияс жападан жалғыз бастан кешіреді. Ілияс Жабайы өзені жағасына көп барған. Тып-тыныш жалғыз өзі баяу аққан өзеннің ағысына қарап ойға шомып кететін. Өзін аймалап, айналшықтап еркелететін ерке толқыннан анасының даусын естігендей әсер алып, күйзелген жанына дауа табатын. Өзен бойында өзінен біршама жасы үлкен балалармен от жағып тапқанын отқа қақтап пісіріп жеген. Аштықтың кесірінен адамдардың өзі жүрек жалғайтын еш зат таппай бір күнін аш бір күнін тоқ етіп өткізеді. Көшеден күн көріп жүрген балалар қарын тойғызу үшін кейбір жандардың қорларынан өтіп ұрлық жасаған кездері де болған. Жаздың күнін амалдап өткізгені мен қыста олай болмайды. Ілияс бір күні далада аштықтан есінен танып құлап қалады. Ілиястың қызы Дильфруза Есенберлина бір сұхбатында: «Сол жылы қыс қатты болады. Аяздың қаһарына ұшыраған Ілияс әкем көпірдің астындағы ықтау жерді паналайды. Егер сол күні Совет

өкіметінің адамадары тауып алмағанда олда ажал құшар еді»,– деп айтады. Сол аяздың кесірінен баста паналайтын баспана, жеуге бір ұсақ түйір нандары болмағандықтан далада үсіп, қатып ажал құшқан жандар қаншама болған. Сонымен Ілиясты жетімдер үйіне жібереді. Ілияс ол жерде өзімен біршама жасты және тағдырлас балалармен бірге болады. Балалар үйінде жүрген кезде Ілияс ата-анасын, туған-туыстарын, жалғыз бауырын қатты сағынады. Бірақ білімге деген құштарлық, бала арманы оны төзімді болуға шақырады. Балалар үйінде жүріп-ақ білімді оқушылардың бірі болып, бірде-бір сабақты қалдырмайды. Оның әдебиетке деген құштарлығы осы кезеңнен басталады. Солай жүріпте Ілияс қабырға газеттеріне өзінің жазған шағын шығарма жинақтарын шығарып отырған. Күні-түні кітап оқып білімін жетілдіріп, түрлі шығармалар оқып, армандау мен күн кешіп өтеді. Ілияс қатал тағдырдың ағынына түсіп, өмірден түңіліп, жүрегін қарайтқан жан емес. Керсінше ата-ана берген тәрбиені еш ұмытпай жүрегі ақ күйінде өмір үшін күреседі. Ілияс өмір жолында тек шындықты ұстанам деп өз-өзіне сөз берген және сол сертін өмір бойы бұзбаған.

Қызылорда қаласында балалар үйі мектебін тоғызыншы сыныбын бітірген соң Ілияс Алматы қаласындағы Тау кен металлургиялық институтына оқуға келеді. Ол институтты 1940 жылы бітіреді. Одан соң Қарсақбайдағы аудандық комитетінде қызмет атқарады. Одан киін Қызыл әскер қатарына шақырылып, Рига әскери-саяси училищесінде оқып, соғыспай елде қалып кетуді, майдан даласына бармай қалуды ар санайды да 1941 жылдың қыркүйегінде фашистерге қарсы ұрыс салу үшін өз Отанын қорғау үшін Солтүстік батыста жүріп жатқан майданға соғысқа аттанады. 1942 жылы соғыста оның оң аяғына оқ тиіп қатты жарақат алып госпитальге түседі. Жарақаты ауыр болғандықтан дәрігерлер оның аяғын кесіп тастау керектігін айтады. Ілияс ота жасатуға түбегейлі қарсы болады. Дәрігерлер қанша емдеп тырысқанымен Ілияс аяғын ақсап басатын болады сол себепті де оны соғысқа жарамсыз деп елге қайтарады. Ілияс соғысқа қатысқаны үшін бірнеше медальдармен марапатталған. Бірақ оған соғыс тақырыбы ауыр болғандығы үшін бе әлде өз жүрегі қалмағандығы үшін бе балаларына да тіс

жарып айтпайтын болған тіпті шығармаларында да соғыс тақырыбын қозғамаған. Тек қана «Айша» шығармасында азды көпті айтып өткен жайы бар.

Ілияс осымен өзінің жар дегенде жалғыз жарын кездестіреді. Есімі Дильяра. Ілияс екеуі Опера балет театрының кезекті бір сахна қойылымында танысады да жігіт бір көргеннен ғашық болып Дильяра мен шаңырақ көтереді. Астын сызып айта кететін жәйт Ілиястың алғашқы оқырманы өз әйелі болған. Ілияс қандай да бір туындысын аяқтаған күйінде ең алдымен өз жұбайымен бөлісіп, оған оқып беріп отырған.

Алғашында Дильяра Ілиястың бетін бірден қайтарған. Себебі оның әкесі - Хамза Жүсіпбеков пен әкесінің досы - Сәкен Сейфуллин бірге қуғындалып оққа ұшқандықтан олардың отбасыларына жабылған жалған жаланың кесірінен көп қуғындалғанын айтады. Сол себепті Дильяра Ілиясқа: «Мен халық жауының қызымын өз жолыңды тауып ары қарай шығармашылық жолмен жүремін десең меннен аулақ жүр», – деп өз жүрегіндегі сөздерін айтып оған ескерту жасайды. Оған қарамай екі ғашық қосылады әрине Ілиястың бір беткей, қайсар болғандығының арқасында. Ілияс пен Дильяраның үш қыз бір ұл ұрпақтары болады. Ұлының есімі – Қозы Көрпеш қояды. Ұлы туылғанда асыр салып қуанып, қуанышынның шегі болмаған. Қыздың анасы олардың бақытты күн кешуін, қаламаған түрде өз зиянын тигізіп алады. Себебі Дильяраның анасы абақтыда болады. Ілияс өзінің әскери шенін пайдаланып енесін Алжирдегі абақтыдан босатып алады. Көп ұзамай сол қылығы үшін өзі де жазаланады. НКВД-ның көзіне ілігеді де 1947 жылы он жылға бас бостандығынан айырылады. Ілияс ол жазасын Қарақұм каналы құрылысында тау инженерлік қызметпен айналысады. Туыстары Дильяраға балаларды асырай алмайсың бір-бірден бізге бер деп айтады. Ана жүрегі оған келіспей өз жарын күтумен болады. Ол кезеңдері Ілиястың жанұясына інісі Раунақ көмек көрсетіп өзі бас көз болады. Екеуі кішкентай кезінде тағдыр тәлкегімен айырылысқанына қарамай өсе келе түбінде бір-бірін табады. Ілиясқа Тау-кенде жұмыс жасау өте қиын болады. Ол жерде жұмыс жасап көз жұмып кетіп жатқан жандарда аз емес болған. Әйтеуір

дегенде біздің Ілиястың періштесі қағып аман-есен қалады. Сталин өлгеннен киін ғана 5 жыл жазасын өтеп елге оралады. Бостандыққа шығып емін еркін болған Ілияс бар ғұмырын шығармашылыққа арнайды. Өткен күннің өшпестей болып қалған өткелдеріндегі жалған жала мен жағылған күйеден арылып, Дінмұхаммед Қонаевтың қолдауымен партияға қайта мүше болады. Одан соң келіп Ілияс 1953-1975 жылдар аралығында түрлі қызметтермен айналысып жұмыс жасайды. Геология министрлігінде аға инспектор, «Қазақфильм» киностудиясының аға редакторы болып Шәкен Айманов пен жұмыс жасаған. Сценарий редколлегиясының мүшесі, «Жазушы» баспасының директоры қызметтерінде де жұмыс атқарған. Сол уақыт аралығында Ілияс тек қана жұмыспен айналысып қана қоймаған. Әдебиет жолына, шығармашылық жолына бет бұрып өзінің өшпес ізін қалдырарлық тырнақ алды туындыларын жазып тек қана қазақ ұлты үшін ғана емес бүткіл жұртшылыққа мұра етіп қалдырған.

Құнды әрі көлемді туындыларымен танымал болған Ілияс Есенберлин шығармашылық жолына ақын ретінде келеді. Ілиястың ең алғашқы туындысы «Адам туралы ән» болған. Оның қаламынан «Адамгершілік жыры» атты өлеңдер жинағы, «Большевик туралы жыр», «Біржан сал» трагедиясы, «Адам мәңгілік», «Сұлтан», «Айша» деп аталатын поэмалар жарық көрген. Сондай-ақ қырықтан астам әндердің сөзін жазғаны да мәлім. Содан соң 1960 жылдан бастап ақын проза жанрына қарай көше бастаған. Алғашында оның «Өзен жағасында», «Толқиды Есіл», «Адам туралы ән» повестері, содан кейін «Айқас», «Қатерлі өткел», «Ғашықтар», «Алтын құс», «Маңғыстау майданы», «Алтын аттар оянады», «Көлеңкемен қорғай жүр», «Алыстағы аттар», «Аққу құстар қуанышы», «Махаббат мейрамы» атты көлемді романдары тың тақырыпта дүниеге келген. Оған диін мұндай тақырыпта өзекті мәселелерді көтерген жан болмаған. Әдебиет жолына жаңадан бір сарын беріп таңдарман көңілінен шыққан ерекше туындылардың даралары болған. Ілияс Есенберлин жалпы саны 17 роман жазған. Қазіргі күнге келіп қарайтын болсақ ең көп роман жазған ақын ретінде айтсақ қате емес. Қаламгер драматургия саласында да өзін көрсете

білген. Ушинскийдің, Жулявскийдің романдарын өз тіліне аударған жан. Жазушы Ілияс қазақ тарихын жазған алғашқы қаламгердің бірі болып, Қазақ әдебиетіндегі тарихи роман жанрының негізін салушы ақынның бірі.

Қазақ тарихын ашып, қазақтың өткен ғұмырларын, тек қана қазақ халқының өмір сүру барысын ғана емес бүткіл түркі халқының жасаған тұрмыс тіршілігін бейнелі түрде жеткізіп, сахара даласында болған оқиғаларды айдан анық етіп көрсететін ең алды, дара, қайталанбас туындыларды шығарған – Ілияс Есенберлин болып табылады. Ол туындылар «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» трилогиялары. Осы трилогияларды көз майын тамызып жазып бітірем дегенінше Ілиястың жиырма жылдай өмірі кеткен және оның шығармашылығында «Көшпенділер» трилогиясы негізі орын алады. Ол эпикалық оқиғалардың серпінділігімен, қазақ тарихының жанды әрі қайталанбас тұлғаларының бейнесімен, тілінің шынайылығымен және айқындылығымен ерекшеленеді. «Көшпенділер» трилогиясы он төртінші ғасыр мен он тоғызыншы ғасыр аралығындағы өмір сүрген кезеңін бейнелейді. Ол трилогия үш кітаптан тұрады. Олар: «Қаһар» 1969 жылы, «Алмас қылыш» 1971 жылы, «Жанаталас» 1973 жылы. Ілияс трилогияның алғашқы кітабын «Қаһар»ды рухтана отырып алғашқы үш айда жазып бітіріп тастайды. Үш кітаптың ішінде аты аңызға айналған тарихи тұлғалардың есімі, олардың жасаған ерліктері, отан алды борыштарын қалай ынта, жігермен орындағаны жайлы және мінез-құлықтарының терең түрде ашып көрсетілгендігі, ой дүниесі, ең бастысы сыртқы және ішкі портреттері бағалы, терең, еш бір бұрмалаусыз түрде ашып көрсетілгендігі жайлы мәліметтер берілген. «Көшпенділер» трилогиясы осы күнге дейін тек қазақ әдебиеті тарихында ғана ең алды туындылардың бірі болған жоқ. Әлемнің 30 түрлі тілдеріне аударылып, 50 рет қайта басылып, жалпы тиражы 9 млн-нан аса дана таралым мен тараған туынды. Осындай дәрежеге оңайшылықпен жетіп келмеген. Әр бір кітаптың баспа бетін көруі қиыншылыққа алып келген. Осы үш кітаптың өзінің шығып келу тарихы бар. Бір кітап шықты дегенде Орталыққа неше түрлі арыз жазушылар көбейіп кеткен деседі. Бұл

кітаптардың идеологиялық жаңсақтығы бар екенін айтып, түрлі дұшпан жақтары кітаптың жарыққа шығуына кедергі жасайды. Есенберлин талантына шек келтіргендер оны табалап қана қоймай, жанында жүрген жолдастары трилогия КСРО мемлекеттік сыйлығына ұсынылған кезде қасында жүрген қаламдас әріптестері оның үстінен комитетке шағым жазып трилогияны тізімнен алып тастайды. Бірақ ол қиындыққа қарамай 2005 жылы «Көшпенділер» атта тарихи көркем фильмі түсірілген.

Одан соң «Алтын орда» трилогиясын 1982-1983 жылдар аралығында жазады. Ол заманда мұндай ауыр жағдайды халық жағына шығып үкіметтің аяусыз істерін әшкерелеуге ешбір қаламгердің дәті жетпеген. Тарихи шығарма, роман жазу ол кездің ең қиын кезеңдерінің бірі болған және екінің бірінің қолынан келе бермейтін болған. Атап өтсек Кеңесары жайлы туынды, шығарма жазып қалам қимылдатудың өзі өте қиын жағдай болған. Одан бөлек оның атын атаудың өзі қиын мәселе болған. Ермұхан Бекмаханов та оны зерттегені үшін де 25 жылға бас бостандығынан айырылған. Мұхтар Әуезов те Кеңесары жайлы пьеса жазғаны сол-ақ еді басы дау-дамайға қалып кетеді. Ілияс Есенберлин он бес жылдан соң «Қаһар» романын шығарады. Қажығали Мұхаметқалиев, жазушы: – Оның тарихи романдары ішіндегі көркемдік жағынан, әдеби шығарма жағынан ең жоғарғы турғаны «Қаһар» деп есептеймін. Трилогиядағы «Жанталас» пен «Алмас қылыштың» көркемдік деңгейі «Қаһардікінен» төмен. Оны мойындауымыз керек, – деп өз ойын ашықтан-ашық жетік түрде білдірген қаламгер. Ілияс осымен 1983 жылы қатта сырқатпен ауырып, дәрігерлердің қанша салған екпесі, көрсеткен жәрдемінің ешқайсы бірі көмек көрсетпей Ілияс өкінішке бұл жарық дүниені тәркілеп көз жұмып кете барады. Оның қазасы бауырлары, туған-туыстарына оңай болмайды. Таудай бір тұлғаны жоғалтқаны өте аянышты.

**Қорыта айтқанда** Есенберлин қазақ әдебиетіне үлкен реформа әкелген, жаңа тақырыптарды бастаған ұлы және қайталанбас, дара тұлға. Ілияс Есенберлин болмаған кезде мүмкін қазақ даласының ғасырдан ғасырға өткен



өмірі мен дәстүрі жайлы анық және мәлім ақпаратты дәл солай жетік күйінде бізге жеткізіп бере алуына кім кепіл. Жазушының жарқынды жабырқау өмірінің өзі бір романға татитындай-ақ. Өмірлік ұстанымын өзгертпейтін мақсатшыл, бір беткей тұлғаның өмірін оқи отыра таңданбасқа шара қалмайды. Ілияс бостан болса да бодан болсада азаматтық ұстанымынан таймайтын табанды, шыншыл, ақиқат пен ардың символы бола алуды білген жан. Оның шығармалары ұлттық рухымызды жаңғыртып қана қоймай бізге Отанды сүюдің озық үлгісімен негізгі бағыт бағдарын анық көрсетіп берген. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Көшпенділер» трилогиясын «қазақ халқы өмірінің энциклопедиясы» деп, жазушы шығармашылығына жоғары баға берген еді. Елбасының өзі осындай жоғары дәрежеде өз ойын білдіріп, бағасын беріп отырғанда қазақ жұрты ешбір мүдірмей осы сөздерге келіседі.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ (REFERENCES)

1. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет . — Алматы: 2001
2. Ысмайлов Е. Ақындар. — Алматы: 1959
3. Ілияс Есенберлин Көшпенділер. – Алматы: 2021